



ҚЫРАҒЫЛЫҚ – САҚШЫЛАРДЫҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ



Жетісу облысы полиция департаменті Патрульдік полицияның рота инспекторы Санат Серікқалиұлы Қаратал өзеніне батып бара жатқан баланы құтқарып қалды.

Талдықорған қаласында 6 маусымда сағат 15:43 шамасында Санат Серікқалиұлы «Қызыл тас» саяжай қоғамдастығында демалыста жүргенде, көмек сұрап айқайлаған балалардың дауысын естиді. Балалар өзенге қарай нұсқаған, инспектор ойланбастан көмекке ұмтылған. Өзенге жүгіріп барғанында бір баланың суға батып бара жатқанын көрген. Ойланбастан суға секіріп, баланы алып шығады.

11 жастағы жасөспірімнің демалысы қиындап бара жатқанын көрген тәртіп сақшысы дереу алғашқы медициналық көмек көрсете бастайды. Тікелей жүрек массажы мен жасанды тыныс беру арқылы инспектор баланың дем алысын қалпына келтіреді. Осыдан кейін ол Жедел жәрдем шақырған. Бала ауруханаға жеткізілді. Дәрігерлер полиция қызметкерінің дер кезінде көрсеткен кәсіби әрекетінің

**Жанар ҚАЛЫҚОВА,
Жетісу облысы**

арқасында баланың аман қалғанын айтты.

– Мен өз міндетімді атқардым. Адамдарды қорғау мен көмекке келу – менің басты парызым. Сондықтан өз ісімді ерлікке баламаймын, – дейді Патрульдік полицияның рота инспекторы.

Бұл оқиға төтенше жағдайда медициналық көмек пен құтқару дағдыларының маңыздылығын еске салды. Жаз мезгілі мен шомылу маусымы басталғанда балалардың арасында болатын жазатайым оқиғалардың қаупі артады. Сондықтан қауіпсіздік ережелерін сақтап, балаларды, әсіресе, су айдындарының жанында үнемі бақылауда ұстау қажет. Балаларға қауіпсіздік ережелерін үнемі айтып, олардың іс-әрекеттерін қадағалау керек. Сіздің қырағылығыңыз – балаларыңыз үшін қауіпсіз және қуанышты жазғы демалыстың кепілі.

ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!



Басылымдарға жазылу Қазақстан бойынша барлық жазылымды ұйымдастырушы мекемелер арқылы жүргізіледі.

Егер сіз полицияның маңызды оқиғалары мен жаңалықтарынан хабардар болғыңыз келсе, «ҚР ІІО Медиа орталығы» ЖШС басылымдарына 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылуды ұмытпаңыз!

Saqshy
газетінің индексі: 65395

На страже
газетінің индексі: 65368

Polisia.KZ
журналының индексі 75744

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4308 теңге
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4411, 20 теңге

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4308 теңге
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4411,20 теңге

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 5803,80 теңге
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 5829,60 теңге

ЕЛ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



✓ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндірісі және айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

✓ Кеше ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қалалық және ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қалаларында сумен жабдықтау қызметтері 98,9% қолжетімді болды, ауылдық елді мекендердің тұрғындары 96,6%-ға ауыз сумен қамтамасыз етілді. Бұл ретте 9 өңірдің қала халқы 100% қамтылған, ең төменгі деңгей Абай және Павлодар облыстарында байқалады.

Бүгінде республика бойынша 9 облыста топтық су құбырларын салу және реконструкциялау бойынша 29 жоба іске асырылып жатыр. Барлығы 2 мың шақырым су құбырын қайта жаңарту және салу, сондай-ақ 437 елді мекенді сумен қамтамасыз ету көзделген. Бұл жалпы саны 92 мың адам тұратын 44 елді мекенді орталықтандырылған сумен жабдықтауға қосуға мүмкіндік береді.

✓ Маусымның 15-нен 16-на қараған түні Астанада Айтматов көшесінің бойында қоғамдық көліктерге арналған арнайы автобус «Bus Lane» жолағы енгізіледі. City Transportation Systems баспасөз қызметінің хабарлауынша, жалпы ұзындығы 10,5 км бөлінген жолақ Ш.Қосшығұлұлы көшесінен Ж. Молдағалиев көшесіне дейінгі учаскеде пайда болады.

Қазіргі таңда аталған учаскеде қоғамдық көлік үшін бөлінген жолаққа жол белгілерін қою жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұл биыл қалада енгізуге жоғары жеті автобус жолының біріншісі. Сондай-ақ Мәңгілік Ел даңғылы, Тұран даңғылы, Тәуелсіздік даңғылы, Керей Жәнібек Хандар көшесі, Ұлы Дала және Р.Қошқарбаев даңғылы бойында да арнайы жолақтар енгізіледі.

✓ Біріккен ұлттар ұйымының Қауіпсіздік кеңесі Газа секторындағы қарулы қақтығысты тоқтату туралы қарар қабылдады. Осы құжатты ұсынған АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен қазір жанжал аймағында жүр. Анклавақа Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы гуманитарлық көмек жіберген. Біріккен ұлттар ұйымының Қауіпсіздік кеңесіне мүше 15 елдің 14-і қарарды құптап дауыс берді. Тек Ресей ғана қалыс қалған. Қарарда оқ атуды біржолата тоқтату, Израил әскерін анклаван шығару, кепілдегі адамдарды босату және Газа секторын қалпына келтіру жайы айтылған. Сондай-ақ бұған дейін қолдау таппай келген бұферлі аймақ құру мәселесі оң шешімін тапты. Енді тараптар 6 апта ішінде бітімге келуге тиіс.

✓ Калифорнияда 10 жыл ішінде орман өртінен тараған түтіннен 52 мыңнан аса адам көз жұмды. Көбі тыныс алу жолдары мен жүрек ауруларынан қайтыс болған. Ғалымдар 2008-2018 жылдар аралығындағы жағдайды зерттеген. Негізгі штат тарихындағы ең ауыр кезеңнің бірі 2020 жыл болды. Ол кезде тілсіз жаудан 25 миллионнан аса адам жапа шекті. Осы орман өрті салдарынан өңірде кісі өлімі артып, денсаулық сақтау саласының шығыны 432 миллиард долларға дейін жеткен.

✓ Америкалық ғалымдар иттің тілін түсінетін құрылғы жасап жатыр. Жасанды интеллект көмегімен иттің тілін түсінуге болады. Ондағы нейрожүйе тортаяқтылардың үруіне қарай көңіл-күйін ажыратады. Технология тіпті оның тұқымы мен жынысын да қатесіз анықтай алады. Ғалымдар осы құрылғыны келешекте иттерден бөлек басқа да жануарларға қолдануға ниетті.

23 ОФИЦЕР МАГИСТР АТАНДЫ

8 маусым күні Астана қаласындағы Ұлттық қорғаныс университетінде магистрлік білім алған Қазақстан Республикасының және көршілес Тәжікстан, Қырғызстан елдерінің күштік құрылымдары офицерлерінің диплом алу салтанаты өтті.

Ерболат СҰЛТАНОВ,
ҚР ИІМ Ұлттық ұланының
Баспасөз қызметі



Салтанатты шарада Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары, генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов әскери-ғылыми білімін жетілдірген магистранттарды құттықтады.

– Тәуелсіз еліміздің армиясы құрылған күнен бастап нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру, ұйымдық-штаттық құрылымды оңтайландыру және әскерді техникалық жарақтандыру мәселелеріне ерекше ден қойып келеді. Сонымен қатар әскери кадрларды дайындаудың көп деңгейлі жүйесін құру басым бағыт болғанын атап өткен жөн. Бұл қардам бүгінде өзін толықтай ақтап, оң жемісін беруде! – деді Қарулы күштер Бас штабының бастығы.

Аталмыш жоғары әскери оқу орны жыл сайын жедел-стратегиялық және жедел-тактикалық басқару буындарына мамандар дайындап шығарады.

Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер магистрі дәрежесіне ие болған 158 офицердің 23-і Қазақстан Республикасы ИІМ Ұлттық ұланынан жіберілген болатын. Олар магистратуралық білім беру бағдарламасына сәйкес теориялық оқытудан бөлек әскери тағылымдаманың толық курсынан өтті.

Құқықтық тәртіп әскерінің жаңа магистранттарын құттықтау үшін шығарылған салтанатына Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Еркін Ботақанов келді. Еркін Советбекұлы Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы шығарған қорытындысы бойынша жоғары білімдерін көрсетіп, әскери оқу орнын сәтті аяқтаған офицерлерді жаңа мәртебелерімен құттықтады.

– Төл әскеріміздің қатары магистрлік



білімі бар офицерлермен толығып отыр. Еліміздегі ең беделді әскери оқу орнынан алған білімдеріңіз бен біліктіліктеріңізді Ұлттық ұланның алдына қойылған міндеттерді орындау барысында оңтайлы қолданасыздар деп сенемін, – деді Бас қолбасшы.

Ұлттық қорғаныс университетінің Ұлттық ұлан факультетін 2023 жылдың ақпан айынан бері полковник Савердин Имиров басқарады. Савердин Карлович факультеттің биылғы, яғни он бірінші шығарылымына қатысты ойымен бөлісті.

– Магистранттар әскерді оперативті тактикалық басқару және қызметтік-жауынгерлік қызметін қамтамасыз ету кафедраларында білім алды. Бірінші аталған кафедрада

батальоннан бастап жоғары деңгейдегі командирлер оқытылса, екінші кафедрада тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар, тыл, техника және қару-жарақ офицерлері біліктіліктерін шыңдады. Олар енді Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының басқармаларында, өңірлік қолбасшылық басқармаларында офицерлік, аға офицерлік лауазымдарға тағайындалады, полк командирлерінің орынбасары, штаб бастықтары қызметін атқарады. Академияға да екі офицер кетіп жатыр, бірі оқытушы болып, екіншісі оқу батальонының командирі ретінде. Бәріне сәттілік тілеймін, – деді факультет басшысы.

– Бүгін заманауи офицерлер, болашақ әскери басқару органдарының басшылары оқу орнын бітіруде. Осы санаттан табылғаныма өте қуаныштымын. Ұлттық ұландық

түлектер арасында Бас штаб академиясының, докторантураның және арнайы дайындық кафедрасының офицерлері де бар. Бүгін олар Бас қолбасшы оңынан диплом алды. Білім ордасында заман талабына сай кәсіби жетілу, әскер бөліністерін заманауи басқару жүйесін меңгеру үшін барлық жағдай жасалған, – дейді түлектің бірі, Өскемен қаласындағы 3477 Әскери бөлімінің бұрынғы командирі, подполковник Азамат Сейілханов.

Салтанатты шара ҚР Қорғаныс министрілігі мен ИІМ Ұлттық ұланының Ән-би ансамблі өнерпаздарының қонақтар мен түлектерге және олардың жақындарына арналған концерттік бағдарламасымен аяқталды.

«ҮЗДІК ТӘЛІМГЕР»

Павлодар облысы полиция департаментінің алаңында «Үздік тәлімгер» байқауының қорытындысы шығарылды.

Жанар БЕЛЯЛОВА,
Павлодар облысы



Ұйымдастырушылар қатысушыларға дағдыларын қамтитын ауқымды бағдарлама дене шынықтыру нормативтерін тапсыруды, Қазақстан Республикасының заңнамасын білу, Макаров тапаншасын атудың практикалық дағдыларын қамтитын ауқымды бағдарлама дайындады.

Тәлімгерлік институтының маңыздылығы мен жас полицейдің қалыптасуындағы оның

рөлі туралы Тәлімгерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы полковник Бақберді Абраев айтып берді.

– Тәртіп сақшысының қызметтегі алғашқы жылы – үлкен сынақ. Оның қызметке тез бейімделіп, құқық қорғау саласының қыр-сырын меңгеруіне тәлімгерлердің рөлі өте зор. Жастарға білгенін үйретіп, бағыт-бағдар көрсету – аға буынның парызы. Биылғы жылды ИІМ «Кадр сапасын жақсарту жылы» деп жариялады ғой. Бұл өте орынды. Қай жерде болмасын, ең алдымен, білікті де, білімді кадрлар іріктелуі қажет, – деп атап өтті Бақберді Балтабайұлы.

Байқау шарты бойынша қатысушылар барлық кезеңдерден сүрінбей өтті. Қазылар алдында тәлімгерлер өздеріне бекітілген жас маманмен жүргізген жұмыстары мен нәтижелері туралы айтты.

Қатысушылардың әрқайсысы өз тәлімгеріне қандай негізгі дағдыларды үйрете алғанын көрсетті. Жеңімпазды таңдау өте қиынға соқты. Комиссия мүшелері презентация кезеңін ғана емес, тестілеу, дене шынықтыру және атыс дайындығының нәтижелерін, тәлімгердің жеке қасиеттерін, оның тәжірибесі мен жас қызметкермен жұмыс деңгейін де ескерді.

Дауыс беру барысында жас қызметкерлердің тәлімгері болып табылатын Полиция департаментінің Жедел әрекет ету арнайы жасағының инспекторы Сұңғат Сапаров комиссияның бірауыздан қабылдаған шешімімен «Үздік тәлімгер» деп танылды. Бақберді Балтабайұлы байқау жеңімпазына вымпел табыстап, қызметіне табыс тіледі.

Маусым айының үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Осы орайда ҚР Ішкі істер министрлігіне қарайтын емханасы бар орталық госпиталіндегі ақ халатты абзал жандардың еңбегін атап өтпеске болмас. Олар денсаулығы сыр берген сақшылардың сырқатын жазып, сапта қайтадан тік тұруына жағдай жасайды.



САҚШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ – СЕΝІМДІ ҚОЛДА

Бұған госпиталь қызметкерлерінің кәсіби білімі де, науқасты мерзімінен бұрын айықтыратын риясыз көңілі де көмектеседі. Себебі госпиталь бастығы, медицина ғылымының докторы Аманжол Жұмағалиұлы дәрігерлер мен науқастар арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән береді. Оның айтуынша, олар науқасқа қойылған диагнозды емес, пациенттің өзін емдейді.

– Біздің мекеме – ішкі істер органдары қызметкерлері мен оларды отбасы мүшелерінің денсаулығына жоғары жауапкершілікпен қарайды. Тәртіп сақшылары жұмысбасты

айтуынша, әсіресе, Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ инспекторларының киімі де, қолындағы құрал-сайманы да оларға күш түсіреді. Сол себепті тәртіп сақшыларын омыртқа аурулары жиі мазалайды. Белі бүгіліп, еңкейіп келгендерді 7-10 күннің ішінде бәйгеге қосқан тұлпардай қайтадан еңсесін тіктеп жібереді. Бүгінде неврология бөлімінде 21 науқас ем алып жатыр. Мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен келетін полиция қызметкерлерін және сала ардагерлерін кездестіруге болады.

Сондай-ақ науқастар тез айығуы үшін негізгі еммен қатар, физиотерапия және реабилитация бөлімшесінен қажетті медициналық көмек те алады. Бұл бөлімшенің басты ерекшелігі сол, инсульттан кейінгі немесе бұлшық ет қызметі бұзылғанда жағдайды тез қалпына келтіруге жәрдемдеседі. Арнайы дене қозғалысын арттыруға арналған жаттығу залдары да бар. Массаждан бастап, су арқылы емдеудің түрлі қызметтерін ұсынады. Атап айтсақ, төменгі және жоғары дене буындарына арналған бұлауда (ванна) отыру науқастың салқын тиген жеріне оңтайлы әсер етеді.

Екі аяғын ыстық суға салып, дене буынына ем алып жүрген науқастардың бірі – 55/73 Әскери бөлімінің қызметкері. Ол Әскери бөлім-

мөлшеріне байланысты диета тағайындап, он күннен бері дұрыс тамақтануына да назар аударған. Госпиталь тамақтары көңілінен шығатынын жеткізді.

Госпитальдің емханасында жылына орта есеппен 16-17 мың қабылдау жүргізіледі. Стационарда жылына екі жарым мың құқық қорғау органдарының қызметкері қаралып, дертіне шипа табады. Оған қоса мыңға жуық пациент медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша емделеді. Қазір стационарда баяғы 120 науқас емделуде.

Салыстырмалы түрде айтсақ, терапия, кардиология, неврология және травматология бөлімшелерінде науқастар саны көбірек. Анестезиология, реаниматология және интенсивті терапия бөлімшесінде операция жасалғаннан кейін науқастар белгілі бір уақыт аралығында бақылауда болады, біршама уақыттан соң өз бөлімшелеріне ауыстырылады. Айта кетерлігі, бұл бөлімшеге тек жағдайы өте ауыр науқастар түседі.

Медициналық мекемедегі сәулелік диагностика бөлімшесі, клиникалық диагностикалық зертхана мен бактериологиялық зертхана жұмысының да маңызы жоғары. Мәселен,

кіргізілмейді. Себебі науқас МРТ-дан өтер алдында денесіндегі темір бұйымдарды шешіп, арнайы дайындық ережесімен ішке кіргізіледі.

Мекемеге тіркелген ішкі істер органдарының ардагерлері де госпиталь қызметіне жиі жүгінеді. Солардың бірі – еліміздің шығысынан келген сала ардагері Қайырғазы Закиров. Жасы – 63-те.

– Госпитальға Семей қаласынан келіп, осымен екінші рет ем алып жатырмын. Дәрігерлер, мейірбикелер бәрі жақсы қарайды. Жүрегіме екі стент қойылған. Одан басқа да қосалқы ауруларым бар. Осыдан екі-үш жыл бұрын келіп жатқанымда, оң өзгерісті байқадым. Шыны керек, қазіргі қан қысымым – 120/80. Бұл орын жақсы болғасын қайта-қайта келеміз. Тағы бір айтатыны, госпитальда тәртіп бар. Кешкі сағат 22.00-ден кейін дәлізге шығуға ұяласың. Тыныштық сақталады, науқастардың тез сауығуына мұның да өзіндік ықпалы бар деп ойлаймын, – дейді кардиология бөлімінің емделушісі.

Мекеме бастығы, госпитальдің бас дәрігері бізбен бірге ескертусіз барып, бірнеше бөлімді аралады. Науқастардың халін сұрады. Бәрінің алғыстан басқа айтары жоқ. Аманжол Байменов науқастар бұлай ризашылық білдіруі үшін мықты кадр таңдауға айрықша көңіл бөлетінін жасырмады. Кәсіби біліктілігі жоғары, адам тәнімен қатар, жанын емдеуге ұмтылатын қарамағындағы қызметкерлерінің әрбірі мақтауға тұрарлық екенін айтты.

Госпитальда жылына 600-ге жуық операция жасалады. Олардың дені – бүйрек аурулары кезінде және несеп шығару жүйесіндегі консервативті жолмен емдеуге келмейтін диагноздар негізінде. Сонымен бірге асқазан, ішек жолдары, бауыр мен өт жолдарының патологиясын хирургиялық жолмен емдеу мақсатында операция жасалады. Тірек-қимыл аппаратының зақымданулары мен түрлі жарақаттарға да ота жасау қарастырылған. Полиция қызметкерлері уақытпен санаспай жұмыс істейтіндіктен, олар дұрыс тамақтанбайды, уақтылы ұйқыға көп көңіл бөлмейді. Бұл өз кезегінде ағзада гормондар балансының сақталмай, олардың қызметінің бұзылуына әкеледі.

Мекеме бастығы госпитальдың жалпы хирургия, урология, травматология және ортопедия бөлімшелерінде әлеуеті жоғары кәсіби мамандар операция жасайтынын тілге тиек етті. Атап айтсақ, жалпы хирургия бөлімшесінен М.А.Құспанов, Д.Т.Шалбаев, урология бөлімшесінен И.С.Сисекеев және ағайынды дәрігерлер Чичеревтер. Сондай-ақ травматология және ортопедия бөлімшесінен А.С.Байманов, А.Р.Ақан, Т.Ж.Амренов отаға кіреді. Ал операциялық блокта белгілі хирург, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор С.И.Тоқпановтың кеңес беріп, операцияларға белсенді қатысатынын атап өткен жөн.

Осыған қарап-ақ тәртіп сақшыларының денсаулығы сенімді қолда екенін аңғаруға болады. Қос саланың қызметкерлері осылайша бірінің жүгін екінші жеңілдетіп, антқа адалдық жолында еңбек етіп келеді.

Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ, суреттерді түсірген Медет ӘШІРБЕК



болғандықтан, дәрігерге тұрақты қаралуға уақыты бола бермейді. Сондықтан біздің госпитальға науқас бір аурумен түссе, оның өзге де қосалқы ауруларын емдеуге барымызды саламыз, – дейді медициналық мекеме бастығы Аманжол Байменов.

Арнайы жолымыз түскендіктен, госпитальдің ішкі жағдайымен және медициналық аппараттар мен құрал-жабдықтарының әлеуетімен таныстық. 2015 жылы пайдалануға берілген мекеме әлі де өз қалпында. Госпиталь ішкі істер органдары қызметкерлеріне тек ауырған кезде көмек көрсетумен шектелмей, алдын алу шараларына да басымдық береді. Жылына бір рет қызметкерлерді міндетті түрде медициналық тексеруден өткізіп отырады.

Аты айтып тұрғандай, госпиталь емханадан және стационардан тұрады. Емханада терапия, хирургия және стоматология бөлімшелері науқастарды қабылдайды. Ал стационарда терапия, кардиология, неврология, жалпы хирургия, урология, травматология және ортопедия, анестезиология, реаниматология және интенсивті терапия, операциялық блок, қабылдау бөлімшелері бар. Мұнда науқастар күндіз-түні бақылауда болып, дертіне шипа табады. Қазіргі таңда госпитальде 392 адам жұмыс істейді. Оның 94-і – дәрігерлер, 138-і – медбикелер.

Полиция қызметкерлерінің сағаттап тұрып, белі қайысатын, қауіпке тап болып, омыртқасы майысатын сәттері де аз емес. Неврологиялық бөлім меңгерушісі Гүлнар Тоқтасынқызының



де 2015 жылдан бастап қызмет атқарады. Денсаулығына байланысты алғашында кардиология бөліміне мамыр айының аяғында келіп түскен. Құлағына суық тиіп, маусым айының басында неврология бөліміне ауыстырылған. Қазіргі диагнозы – неврит. Бүгінде бет бұлшық еттерінің қызметі бұзылып, аузы қисайған. Ұлттық ұлан ефрейторы госпитальдағы дәрігерлер мен мейірбикелер және санитарлық қызметкерлердің күтімі мен бақылауына дән риза. Қан құрамындағы инсулин

бактериологиялық зертхана науқастың ағзасындағы қан құрамының қою немесе сұйық екенін анықтайды. Сонымен қатар 15 гормон қызметінің көрсеткішін де таразылайды. Мұнда түскендер анализ тапсыру үшін әр жерге барып, табанынан тозбайды. Жаңа технологиялық жабдықтардың көмегімен бірнеше минут ішінде диагноз қою барысындағы жұмыстар өз кезегімен жүргізіледі. Сонымен қатар магнитті-резонансты томография (МРТ) жасалатын бөлмеге бөгде адамдар



ОБЛЫС ЖАСТАРЫ ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Алматы облысының белсенді жастары бір күн ішінде 5000-ға жуық графити-жазуды өшірді.

Алматы облысы полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері, прокуратура, жергілікті атқарушы органдар, еріктілер және өңірдің белсенді жастарымен бірлесіп, «Есірткісіз қала» атты ауқымды іс-шара өткізді. Бұл шараға облыс орталығының кадет сыныптарының тәрбиеленушілері де белсенді қатысты.

– Есірткіге қарсы буклеттер мен брошюралар таратумен қатар, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Полицейлер қолда бар техника мен құрал-жабдықтарды көрсетті. Сонымен қатар қызметтік-ізвестіру иттердің кәсіби дайындықтары көрсетілді. Содан соң полицейлер мен жастар топтарға бөлініп, есірткі сататын сайттарды жарнамалайтын

Меруерт МОРЯКОВА,
Алматы облысы

графити жазуларын бояуға кірісті. Өңір аумағында өткен іс-шараға 800-ден астам белсенді қатысты. Бір күнде есірткі жарнамасы бар 5000-ға жуық жазба боялды, – дейді облыстық Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы Жеңіс Жансеркенов.



«Астана – есірткісіз қала»

Нашақорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу бойынша кешенді жоспарды іске асыру аясында елордада «Астана – есірткісіз қала» ұранымен велошеру өтті.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

Велошеруге полиция департаментінің қызметкерлері, әкімдік, спорт секциялары мен жастар қозғалысының өкілдері, сонымен қатар қала тұрғындары мен қонақтары

сіне қоғам назарын аударуға бағытталған. Бұл – бүкіл қоғам үшін пролема. Онымен баріміз бірге жұмыла күресуіміз қажет, – деді елордалық



қатысты. Шарада 700-ге жуық адам бой көрсетті. Олар 10 шақырым қашықтықты бағындырды. Сапар барысында велошарадан полицияның патрульдік көліктері және эскорт взводы ілесіп жүрді.

– Велошеру нашақорлық мәселе-

полия департаментінің бастығы Марат Төлебаев.

Жыл басынан бері Астана полиция қызметкерлері заңсыз есірткі айналымынан жалпы салмағы 60 келден астам есірткі затын тәркіледі.

БЕЙМЕЗГІЛ ЖҮРГЕН БАЛАЛАР

СҚО полицейлері бес күнде жасөспірімдердің түнде серуендеуінің 84 дерегін анықтады.

Жазғы демалыс кезінде бос уақыттарын үйден тыс өткізетін жасөспірімдердің қауіпсіздігіне полицейлер ерекше көңіл бөледі. «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы шеңберінде Ювеналды полицейлер түнгі рейдтерді күшейтті. Заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта үйден тыс жерде жүрген балалардың ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Облыс тұрғындарынан кәмелетке толмаған балаларына көбірек көңіл бөлу, олардың бос уақытын

тиімді ұйымдастыруға ұмтылуды сұраймыз. Кәмелетке толмағандардың бақылаусыз жүруі олардың тарапынан және оларға қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жасалуына алып келуі мүмкін, – дейді СҚО ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Александр Розбах.

Сондай-ақ 1 маусымнан бастап тәртіп сақшылары есепте тұрған 2000-нан астам адамды тексерді. Оның ішінде тұрмысы нашар 236

Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО ПД Баспасөз қызметі

отбасы да бар. Кәмелетке толмаған балаларын тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамаған 33 заңды өкіл әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Осы бес күн ішінде солтүстік-қазақстандық полицейлер 2339 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Жедел-профилактикалық іс-шара кезінде полицияның қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық бағыттары бойынша жұмыс күшейтілді.

ЖАЗҒЫ ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫ

Павлодар қаласында орталық жағалауда жыл сайын болатын әуесқойлардың жүгіру жарысы өтті.

Жанар КӨКЕШҚЫЗЫ,
Павлодар облысы

Бұл жарысқа 18 жастан 60 жасқа дейінгі 400-ге жуық қатысушы қатысты. Эстафетаның ұзындығы төрт шақырым болды. Қатысушылар екі және төрт шақырым қашықтықты жүгіруі керек болатын.

ерік-жігері мен өзіне деген сенімділігін қалыптастырады. Бүгін мен үлкен сергектікке, керемет көңіл-күйге



Осы бастаманы қолдаған полиция подполковнигі Әсел Әбдіраманова жарысқа қатысып, нәтижесінде күміс медаль жеңіп алды.

– Салауатты өмір салты – біздің өміріміз бен болашағымыздың негізі. Мен 12 жасымнан бастап жүгіремін. Тұрақты жаттығулар адамның

және мықты денсаулыққа ие болдым! Спорттық атмосфера және ауа райы керемет! – деді Әсел Әбдіраманова.

Спорттық мереке марапаттау рәсімімен аяқталды. Жарыс жеңімпаздарына сыйлық сертификаттары, грамоталар мен медальдар табыс-талды.



МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директордың м. а.
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

РЕДАКЦИЯ:
Шеф-редактор:
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА
Тілшілер:
Гауһарай ЕСІМОВА
Раушан НАРБЕК
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады.
Басылым «Медиа-холдинг Елпи» ЖШС баспаханасында басылады.
Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30
Индекс: **65395**
Таралымы: **23153**
Тапсырыс: **№ 779**

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИКК – KZ74856000000147459
БИЖ – KСJВK2KX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Астана қаласы,
Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,
ішкі нөмір 115
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: saqshy@mediaovd.kz